

Мәслихаттың 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 24 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын 2011 жылы ұсыну туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2011 жылғы 9 маусымдағы № 31 шешімі. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 16 маусымда № 9-8-179 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын 2011 жылы ұсыну туралы" 2001 жылғы 20 сәуірдегі № 24 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9–8–176 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 3 маусымда "Наше время" газетінде жарияланған) шешімінің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2011 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау беру түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын."

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т е н
тыс сессиясының төрағасы Ж. Ахметов

Д е н и с о в
а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
хатшысы Б. Тойбағоров
КЕЛІСІЛДІ:

" Д е н и с о в а у д а н ы
әкімдігінің ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушысы

_____ А. Миловидов

"Д е н и с о в а у д а н ы н ы ң
э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і
ж о с п а р л а у б ө л і м і" м е м л е к е т т і к
м е к е м е с і н і ң б а с т ы ғы

_____ В. Филатова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК